

**Султанова Жанагуль Сердалиевнаның**  
**6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша**  
**философия докторы дәрежесін (PhD) алуға ұсынылған**  
**«Еуропа театры мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынас**  
**мәселесі» атты диссертациясының мәтініне**  
**АҢДАТПА**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі** қазақ және Еуропа сахна мәдениеті өзара қарым-қатынасының қазақ ұлттық театрын қалыптастыру мен дамытудағы маңызы тұрғысынан зерттеледі.

Қазақ театры басқа елдердің театр мәдениетімен тарихи байланыста дамып келеді. Бұл өзара қарым-қатынас классикалық драматургияны қазақ тіліне аудару жолымен қою арқылы, арнайы шақырылған режиссерлермен белсенді әріптестік орнату арқылы, жаңа көркем идеялардың ұлттық режиссураға ықпалы арқылы жүзеге асырылды.

Қазіргі мультикультурализм дәуірінде аталмыш үдеріс қазақ театрының практикасы үшін барған сайын маңызды бола түседі. Осыған байланысты драматургия, актерлік өнер және режиссура үлгісінде қазақ және еуропалық театр мәдениетінің өзара қарым-қатынасы феноменінің пайда болуы мен эволюциясын жан-жақты кешенді түрде зерттеу қажеттілігі туып отыр. Мұндай көзқарас қазақ театры дамуының ерекшеліктері мен заңдылықтарын зерттеудің жаңа аспектілерін аша отырып, оларды барынша толығырақ қарастыруға мүмкіндік береді.

**Зерттеу жұмысының нысаны** Қазақ театры өнерінің даму динамикасындағы драматургия, актерлік өнер және режиссура.

**Зерттеудің пәні** Қазақ және еуропалық сахна мәдениеттерінің өзара қарым-қатынасы үдерісі.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі** Қазақ және Еуропа театрларының өзара қарым-қатынасы мәселесі бұдан бұрын театртану зерттеу нысаны болған жоқ. Мәселенің жекелеген аспектілері қазақ театры жөніндегі белгілі қайраткерлер мен театртанушылар М.Әуезовтің, Ә.Тәжібаевтың, Н. И. Львовтың, Ә.Қоңыратбаевтың, М. Ғабдуллиннің, Қ. Қуандықовтың, Б. Құндақбаевтың, Р. Нұрғалиевтің, С.Қасқабасовтың, Л. И. Богатенкованың, Ә. Сығайдың, Н. Шәукенбаеваның, С.Қабдиеваның, Б. Нұрпейістің, Г. Жұмасейітованың, А.Мұқанның, А.Еркебайдың, М. Жақсылықованың, З. Исламбаеваның монографиялары мен ғылыми мақалаларында сараланған.

Бұдан бөлек, аса көрнекті театр практиктері және теоретиктері К. С. Станиславскийдің, С.М. Михозелстің, В.Э. Мейерхольдтың, П. А. Марковтың, А.К. Дживелеговтің, Г. Бояджиевтің, В. Пропптың, В. Алперстің, Б. И. Зингерманның, Ю. Завадскийдің, О. Я. Ремездің, Э. Фишер-Лихтенің, Д. Г. Ливневтің және басқалардың еңбектері мәселені зерттеу үшін маңызды негіз болды. Олардың еңбектерінде драма теориясының түрлі аспектілеріне, режиссура тәсілдемесі мен актерлік өнерге терең талдаулар беріліп,

зерттеудің қазіргі заманғы көркем үдерісті түсіну үшін өзекті жаңа әдістері ашылған.

### **Зерттеудің мақсаты мен міндеттері**

Диссертацияның негізгі мақсаты – қазақ және Еуропа театрларының өзара қарым-қатынасы мәселелерін мәдениеттердің айтарлықтай сипаттамасын аша түсетін түрлі аспектілері диалогы контекстінде театртану тұрғысынан талдау.

Аталмыш мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер белгіленіп алынды:

- театрлар мәдениеттерінің өзара қарым-қатынастарын қазақ сахна өнерін дамытудың өз эволюциясы ауқымындағы маңызды фактор ретінде қарастыру; оның қазақ театры тәжірибесіндегі ролі мен маңызын ашу;

- қазақ сахна өнерінің дамуындағы жоғарыда аталған үдерістің негізгі кезеңдері мен басым қағидаттарын айқындау;

- қазақ және Еуропа театрларының өзара қарым-қатынас формалары генезисін анықтау, олардың ерекшеліктері мен ұлттық театр өнері дамуына ықпалын анықтау;

- қазақ сахна кейіпкерлері типологиясын Еуропа классикалық драматургиясының контекстінде талдау;

- қазақ актерінің сахналық әрекеті тәсілі спецификасын еуропалық театр моделі контекстінде айқындау;

- қазіргі кезеңдегі қазақ және Еуропа режиссурасы өзара қарым-қатынасы аспектілеріне талдау жасау.

### **Зерттеу әдістері**

Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне, зерттеу нысанының кешендік сипатына қарай зерттеу әдістері жүйелі, көп бағытты әдістермен қарастыруды қажет етті. Көздеген ғылыми мақсатқа жетуге негізінен театртанушылық, тарихи-танымдық, салыстырмалы-салғастырмалы, семантикалық және семиотикалық, герменевтикалық әдістер пайдаланылды. Сонымен бірге тақырыптың пәнаралық негізде қарастырылуына орай диссертацияның теориялық зерттеу базасын әдебиеттанушылардың, философтардың, өнертанушылардың әдіснамалық еңбектерімен толықтыра қарастырылды. Топологиялық салыстыру кезінде спектакльді қайта қалпына келтіру әдісі пайдаланылды.

### **Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері**

Орасан зор философиялық, тарихи, культурологиялық, филологиялық және театртанушылық зерттеулер жасалып талданды. Диссертациялық жұмыстың теориялық және тәсілдемелік базасын жоғарыда аталған сахнаның көрнекті теоретиктері мен практиктерінен бөлек, режиссерлік, актерлік және театртану мектептері қалыптасуына үлкен үлес қосқан В. И. Немирович-Данченко, И. Клейнер, Э. Фишер-Лихте, Х.Т. Леман, А. В. Бартошевич, И.Н. Соловьева, А.А. Чепуров, М. Швыдкой, Ю. Клейман, сондай-ақ Б. Брехт,

А. Арто, П. Брук, Е. Гротовский, Э. Бентли, Ю. Альшиц секілді театр қайраткерлерінің еңбектері құрады. Олардың зерттеулері мәдениеттер диалогы саласындағы қазіргі заманғы театрлар, теориялық көзқарастар және практикалық тәжірибе тәсілдері мен тетіктерін қарастыруымен маңызды. Сонымен бірге, Жан-Поль Сартр, Альбер Камю, Хосе Ортега-и-Гассет сияқты философтардың теориялық көзқарастары ескерілді. Мәселені бұдан да терең түсіну қазақстандық жетекші театр қайраткерлері мен театртанушылардың зерттеулерін саралау маңызды болды.

### **Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы**

Қазақ және Еуропа сахна өнерінің өзара қарым-қатынасын зерттеу бірінші рет қазақ ұлттық театрын қалыптастыру мен одан әрі дамытудың түйінді факторы ретінде қабылданды. Зерттеудің жаңалығы мәселені қарастыруға деген талпыныстан басталады. Отандық театртануда аталмыш тақырып арнайы зерттелмеген. Мәселе сахна мәдениеттерінің өзара қарым-қатынасы генезисінен оның қазіргі заманғы қазақ театрының өзекті үдерістеріне ықпал етуіне дейін кешенді түрде ашылады.

Қазақ театртануында драматургиялық характерлер типін жасау әдістерін, актерлік тіршілік ету тәсілдерін, қазақ сахнасындағы қазіргі заманғы режиссерлік интерпретация мәселесін талдау кезінде бірінші рет компаративті әдіс қолданылды.

Қазақ және Еуропа театрларының көп қырлы және шығармашылықты жемісті өзара қарым-қатынасы мәдениеттер диалогының феномені ретінде айқындалады.

Қазақ және Еуропа театрларының өзара қарым-қатынасы бірінші рет драматургияда, актерлік өнерде, режиссурада, қазіргі кезеңдегі жаңа сахна тілін іздестіруде барынша жан-жақты ашылды.

Кейіпкерлерді мінездердің әлеуметтік типтері ретінде бейнелеу дәстүрі дамудың бастапқы кезеңінде қазақ актерлік мектебінің қалыптасуы мен одан әрі дамуына айтарлықтай ықпал жасағаны дәлелденді.

Қазіргі заманғы қазақ және Еуропа театрлары режиссурасы өзара қарым-қатынасының жаңа көркем міндеттер контекстіндегі аспектілері ашып көрсетілді.

Отандық театртанудың ғылыми айналымына қазіргі заманғы өнертану үшін маңызды «жаңа драма», «саундрама», «постдрамалық театр», «перформативті эстетика» және т. б. ұғымдар енгізілді.

### **Зерттеудің қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдары:**

қазақ және Еуропа сахналық өнері өзара қарым-қатынасының Қазақстан сахна өнерін қалыптастыру мен одан әрі дамытудағы түйінді мәні ашылды.

Еуропа және қазақ драматургиясындағы кейіпкерлер типологиясындағы жалпы және айрықша жағдайлар анықталды, олардың көркемдік ерекшеліктері айқындалды, бұлардың бірқатарының фольклормен

байланысы және ұлттық театрдың орындаушылық стилін қалыптастыруға әсері зерттелді.

Еуропалық сипатқа ұқсас драматургиялық композициялық әдістерді қолдану қазақ театры формаларының ұлттық өзіндік келбеті мен түрлі нұсқаларын анықтаудағы мүмкіндіктерін ашуға ықпал еткені көрсетілді.

Ұлттық драматургия кейіпкерлері типологиясының бастапқы кезеңде еуропалық дәстүр контекстіндегі көркемдік өзіндік ерекшелігі айқындалды.

Қазақ актері сахналық тіршілік ету әдісінің Еуропа театр моделі ықпал етуі контекстіндегі ерекшеліктері анықталды.

Қазақ актерлері мен дель арте комедиясы актерлерінің ұлттық театр тарихының бастапқы кезеңіндегі сахналық бейнелеу құралдары анықталып, талданды.

Қазақ және Еуропа театрлары өзара қарым-қатынас формаларының генезисі талданып, олардың ұлттық театр өнері дамуына ықпалының ерекшеліктері сараланды.

Қазақ және Еуропа сахналық мәдениеттерінің қазіргі заманғы кезеңде театр тілі мен ұлттық сахна өнері өзектілігінің баюына ықпал ететіні көрсетілді.

Халықаралық ауқымдағы жетекші режиссерлер қойылымдарын аналитикалық тұрғыда талдау үлгісінде қазіргі заманғы Еуропа театрының негізгі даму тенденциясы ашылды.

**Диссертацияның теориялық және практикалық маңызы** оның негізгі ережелеріне енген жаңалықтар деңгейімен айқындалады. Мол практикалық материалдар, кең ауқымды әлеуметтік-мәдени контекст дәстүрлі театрдағы да, қазіргі заманғы өзектілігі көп театрдағы да өзара қарым-қатынасты жан-жақты аша түсуге ықпал етеді.

Ғылыми диссертациялық зерттеудің нәтижелерін театр жоғары оқу орындарындағы «Қазақ театрының тарихы», «Қазіргі заманғы режиссура және актерлік өнер», «Қазіргі заманғы әлемдік театр үдерісі» секілді пәндерді, сондай-ақ театр режиссерлерінің, актерлер мен басқа да театр қайраткерлерінің білімдерін жетілдіру курстарында студенттердің, магистранттар мен докторанттардың оқу материалы ретінде пайдалануға болады.

**Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу (апробациялау) және олардың енгізілуі**

Зерттеудің негізгі нәтижелері бойынша 10 мақала жарияланды. 3 мақала – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған журналдарда; 2 мақала – Scopus компаниясының деректер базасына кіретін Халықаралық ғылыми журналда; 2 мақала – отандық және шетелдегі Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда апробацияланған. Олардың ішінде 3 мақала отандық журналдарда жарияланған.

**Зерттеу жұмысының жариялануы мен сыннан өтуі** Ғылыми зерттеу жұмысының негізгі мазмұны ғылыми басылымдарда, атап айтқанда, Үндістаннан шығатын SCOPUS тізіміне енген «Man in India» журналына, «International journal of Environmental & Science Education» импакт факторлы журналында, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысында, Қазақстанның ғылымы мен өмірі журналында жарық көрген мақалаларда, Халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық конференцияларда жасалған баяндамаларда көрініс тапты.

Жұмыс Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде 2018 жылдың 24 сәуірінде (хаттама № 9) талқыланып, қорғауға ұсынылды.

**Диссертацияның құрылымы:** Диссертациялық жұмыс тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес кіріспеден, әрбірі екі тараушадан тұратын үш бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

#### **Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны**

«Еуропа және қазақ театрлары арасындағы қарым-қатынас генезисі» деп аталатын **бірінші бөлімде** қазақтың алғашқы кәсіби орындаушыларының актерлік табиғаты мен органикасы, олардың сахналық тіршілік ету және жұмыс, талдау формасы мен орындаушылық мазмұны Еуропа және қазақ театр мәдениеттерінің өзара қарым-қатынасы ерекшеліктерінің көзқарасы тұрғысында қарастырылады. Екі театр дәстүрлері орындаушыларының суырыпсалудың, мінездер типіндегі, күлкі табиғатындағы байланысы анықталды.

«Еуропа театр моделінің даму контекстіндегі қазақ сахна өнерінің өзіндік ерекшеліктері» атты **екінші бөлімде** мәселенің теориялық жағынан зерттеудің түрлі аспектілері қарастырылады; өзара қарым-қатынастың көп қырлы формасы, мысалы, қазақ орындаушылық дәстүрі итальянның дель арте комедиясының актерлері әдістерімен салыстыруда көрініс тапқан; ұлттық сахна кейіпкерлерінің типологиясы оның еуропалық драматургиялық дәстүрлермен байланысы тұрғысында талдау жасалады.

«Заманауи режиссура – қазақ және Еуропа театр өнерінің негізгі қарым-қатынас құралы» деп аталатын **үшінші бөлімде** театр мәдениеттерінің өзара қарым-қатынасы оларды әлемдік көркемдік үдеріс контекстінде жаңа деңгейде дамуға алып баратыны атап өтіледі. Қазіргі заманғы қазақ театры режиссерлері спектакльдерін талдау отандық сахна өнерінің оқшаулығы алынып тасталғанын көрсетеді және отандық театр өзінің жаңа формадағы ізденістерімен әлем театрының бір бөлшегі болып табылады. Қазіргі заманғы қазақ театры режиссурасының Еуропа театр үдерісі контекстіндегі даму перспективасы көрсетілді.

Әрбір бөлімнің соңында қорытындылар келтірілген.

**Қорытындыда** диссертациялық ізденістің түйіндері қарастырылып, жұмыстың бірқатар тұжырымдары мен нәтижелері беріледі.